Зерттеудің ғылыми жаңалығы қаржылық тәуекелдердің кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығына әсерін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік беретін модельдік тәсілді ұсынуымен айқындалады. Зерттеудің практикалық маңызы алынған нәтижелерді кәсіпорындардың қаржылық саясатын жетілдіруде, тәуекелдерді басқару жүйесін күшейтуде және басқарушылық шешімдер қабылдауда қолдану мүмкіндігімен байланысты.

Әдебиеттерге шолу. Қаржылық тәуекелдерді басқару және

кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын бағалау мәселесі қазіргі экономикалық ғылымдағы маңызды зерттеу бағыттарының бірі болып табылады. Қаржылық тұрақтылық кәсіпорынның сыртқы және ішкі күйзелістер жағдайында қызметін үздіксіз жалғастыру, қарыз міндеттемелерін уақтылы орындау, өтімділікті сақтау және ұзақ мерзімді даму әлеуетін қамтамасыз ету қабілетімен сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда, қаржылық тәуекелдер кәсіпорынның табыстылығы, капитал құрылымы, өтімділігі және жалпы қаржылық орнықтылығы үшін шешуші факторлардың бірі болып саналады. Соңғы зерттеулерде қаржылық тәуекелдер тек микроқаржылық көрсеткіштер арқылы ғана емес, сонымен қатар макроэкономикалық, институционалдық және басқарушылық факторлармен өзара байланыста қарастырылып келеді (Drobyazko and Barwinska-Malajowicz, 2020; Zadorozhnyi et al., 2024).

Ғылыми әдебиеттердің елеулі бөлігі қаржылық тәуекелдердің кәсіпорындардың қаржылық нәтижелері мен тұрақтылығына тікелей ықпалын талдауға арналған. Мысалы, Ogundele және Nzama (2025) кредиттік және өтімділік тәуекелдерін басқарудың қаржылық нәтижелерге айтарлықтай әсер ететінін көрсетеді. Авторлардың пікірінше, тәуекелдерді басқарудың әлсіздігі табыстылықтың төмендеуіне, қаржылық осалдықтың күшеюіне және ұзақ мерзімді тұрақтылықтың әлсіреуіне алып келеді. Бұл қаржылық тәуекелдерді басқару жүйесінің сапасы ұйымның қаржылық тұрақтылығының негізгі детерминанттарының бірі екенін дәлелдейді (Ogundele and Nzama, 2025).

Қаржылық тұрақтылықты айқындайтын негізгі факторлардың бірі ретінде қарыз жүктемесі мен өтімділік деңгейі көптеген зерттеулерде ерекше аталады. Қарыз деңгейінің шамадан тыс өсуі кәсіпорынның қаржылық тәуелділігін арттырып, төлем қабілеттілігінің нашарлауына алып келеді, ал өтімді активтердің жеткілікті болуы қысқа мерзімді міндеттемелерді орындауға және сыртқы күйзелістерге бейімделуге мүмкіндік береді. Бұл тұжырымдар Ybrayev, Rustanov және Baglanova (2025) еңбегінде де расталған. Авторлар Қазақстан кәсіпорындарының қаржылық осалдығы көбінесе қарыз құрылымының тиімсіздігімен және қаржылық ресурстарды басқарудың әлсіздігімен байланысты екенін көрсетеді (Ybrayev et al., 2025).

Қазақстан контекстіндегі қаржылық тұрақтылық мәселелері банк секторы мысалында да қарастырылған. Salina, Zhang және Hassan (2020) банк жүйесінің қаржылық орнықтылығын бағалауда капитал жеткіліктілігі, актив сапасы және өтімділік деңгейі негізгі индикаторлар екенін көрсетеді. Бұл нәтижелер корпоративтік сектор үшін де әдіснамалық тұрғыдан маңызды, өйткені кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын бағалауда да ұқсас көрсеткіштер қолданылады (Salina et al., 2020).

Қаржылық тұрақтылықтың қалыптасуында институционалдық орта мен корпоративтік басқару сапасының рөлі де маңызды. Rabby және әріптестері (2026) институционалдық сапаның, басқару тиімділігінің және реттеушілік ортаның тұрақтылыққа оң әсер ететінін дәлелдейді. Сонымен

қатар Abid және Abid (2024), сондай-ақ Kalimoldayev және әріптестері (2025) макроэкономикалық тұрақсыздық, инфляция, пайыздық мөлшерлеме және айырбас бағамының өзгеруі тәуекел деңгейін күшейтіп, қаржылық шешімдерге тікелей ықпал ететінін көрсетеді. Бұл кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын бағалауда сыртқы макроэкономикалық және институционалдық факторларды міндетті түрде ескеру қажеттігін дәлелдейді (Rabby et al., 2026; Abid and Abid, 2024; Kalimoldayev et al., 2025).

Соңғы жылдары әдебиеттерде ESG факторлары мен саяси тәуекелдердің де маңызы артып келеді. Brighi, Della Bina және Venturelli (2025) ESG көрсеткіштері жоғары компаниялардың тәуекел деңгейі төмен және нарықтық құны жоғары болатынын анықтайды. Ал Demirci және Karasaer (2025) саяси тәуекелдердің кәсіпорындардың шешім қабылдауына, қаржыландыру стратегиясына және жалпы тұрақтылығына ықпал ететінін көрсетеді. Бұл зерттеулер қаржылық тұрақтылықтың тек ішкі қаржылық коэффициенттермен ғана емес, сонымен бірге сыртқы институционалдық және саяси ортамен де анықталатынын көрсетеді (Brighi et al., 2025; Demirci and Karasaer, 2025).

Қазақстан кәсіпорындарындағы қаржылық тәуекелдерді басқару тәжірибесі Aliyeva және әріптестері (2015) еңбегінде қарастырылған. Авторлар тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру кәсіпорындардың қаржылық орнықтылығын арттырудың маңызды құралы екенін атап өтеді. Олар хеджирлеу, стресс-тестілеу, қаржылық жоспарлау және тәуекелдерді сандық бағалау құралдарының маңызын көрсетеді. Бұл зерттеу корпоративтік деңгейде қаржылық тәуекелдерді басқарудың модельдік тәсілдерін әзірлеу қажеттігін негіздейді (Aliyeva et al., 2015).

Қарастырылған ғылыми еңбектер қаржылық тәуекелдердің кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығына елеулі әсер ететінін көрсетеді. Әдебиеттер қарыз жүктемесі, өтімділік, макроэкономикалық орта, институционалдық сапа, корпоративтік басқару және ESG факторлары қаржылық тұрақтылықтың маңызды детерминанттары екенін дәлелдейді. Алайда Қазақстан кәсіпорындары деңгейінде осы факторларды біртұтас бағалау моделіне біріктіріп, олардың қаржылық тұрақтылыққа ықпалын кешенді түрде талдайтын зерттеулер әлі де жеткіліксіз. Осы зерттеу аталған ғылыми олқылықтың орнын толтыруға бағытталады және қаржылық тәуекелдердің кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығына әсерін бағалаудың модельдік тәсілін ұсынады.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Бұл зерттеудің мақсаты – Қазақстан кәсіпорындарындағы қаржылық тәуекелдердің қаржылық тұрақтылыққа әсерін бағалау және оларды талдаудың модельдік тәсілін ұсыну. Зерттеу нысаны ретінде Қазақстан экономикасының өнеркәсіп, өңдеу, энергетика, көлік және қызмет көрсету салаларында жұмыс істейтін ірі және орта кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері алынды. Зерттеу барысында кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын сипаттайтын негізгі

индикаторлар, атап айтқанда қарыз жүктемесі, өтімділік деңгейі, автономия, капиталдандыру және табыстылық көрсеткіштері талданды.

Зерттеудің эмпирикалық базасын 2019–2024 жылдар аралығындағы деректер құрайды. Зерттеу іріктемесіне қаржылық есептілігі ашық жарияланған, деректері толық және өзара салыстыруға жарамды 30 ірі және орта кәсіпорын енгізілді. Іріктеме мақсатты іріктеу әдісі негізінде қалыптастырылды. Кәсіпорындарды іріктеудің негізгі критерийлері ретінде қаржылық есептіліктің ашық қолжетімді болуы, коэффициенттерді есептеуге жеткілікті деректердің болуы және бірнеше жылдық кезең бойынша мәліметтердің салыстырмалылығы алынды. Есептілігі толық емес немесе қажетті көрсеткіштерді есептеуге жеткіліксіз кәсіпорындар зерттеуге енгізілген жоқ.

Деректер Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық жарияланымдарынан және кәсіпорындардың ресми интернет-ресурстарында жарияланған жылдық қаржылық есептілігінен жинақталды. Зерттеуде бухгалтерлік баланс, пайда мен залал туралы есеп, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп және қаржылық есептілікке берілген түсіндірме жазбалар пайдаланылды. Осы құжаттардан жалпы активтер, жалпы міндеттемелер, ағымдағы активтер, ағымдағы міндеттемелер, меншікті капитал, таза пайда, дебиторлық және кредиторлық берешек сияқты негізгі көрсеткіштер алынды. Іріктемеге енгізілген кәсіпорындардың салалық құрылымы 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Зерттеу іріктемесінің салалық құрылымы

Сала	Кәсіпорын саны	Дерек кезеңі	Дереккөз
Өнеркәсіп	8	2019–2024	Қаржылық есептілік, ҚР ҰСБ
Өңдеу өнеркәсібі	7	2019–2024	Қаржылық есептілік, ҚР ҰСБ
Энергетика	5	2019–2024	Қаржылық есептілік, ҚР ҰСБ
Көлік	4	2019–2024	Қаржылық есептілік, ҚР ҰСБ
Қызмет көрсету	6	2019–2024	Қаржылық есептілік, ҚР ҰСБ
Барлығы	30		

Ескертпе: Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық жарияланымдары (stat.gov.kz), кәсіпорындардың ресми интернет-ресурстарында жарияланған 2019–2024 жылдарға арналған жылдық қаржылық есептілігі және сол деректер негізінде есептелген көрсеткіштер бойынша құрастырылған.

1-кестеде зерттеу іріктемесіне енгізілген кәсіпорындардың салалық құрылымы көрсетілген. Іріктеменің салалар бойынша бөлінуі қаржылық тәуекелдер мен қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін экономиканың әртүрлі бағыттары бойынша салыстырмалы талдауға мүмкіндік береді және зерттеу нәтижелерінің жалпыламалығын арттырады.

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының мәліметтері, кәсіпорындардың қаржылық есептілігі, сондай-

ақ халықаралық ғылыми әдебиеттер мен ашық статистикалық дереккөздер пайдаланылды. Макродеңгейдегі көрсеткіштер ретінде инфляция, айырбас бағамы, халықтың борыштық жүктемесі және кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің жиынтық нәтижелері ескерілді. Бұл қаржылық тұрақтылықты тек кәсіпорынның ішкі көрсеткіштері арқылы ғана емес, сонымен қатар кең экономикалық контекст аясында қарастыруға мүмкіндік береді.

Қаржылық тұрақтылықты бағалау үшін абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштер қолданылды. Абсолюттік көрсеткіштерге таза активтер мен меншікті айналым қаражаттары, ал салыстырмалы көрсеткіштерге қарыз жүктемесі, ағымдағы өтімділік, автономия, капиталдандыру және активтердің табыстылығы коэффициенттері жатқызылды. Зерттеуде пайдаланылған негізгі көрсеткіштер, олардың белгіленуі, есептеу формулалары және экономикалық мазмұны 2-кестеде берілген.

Кесте 2 – Қаржылық тұрақтылықты бағалауда қолданылған негізгі көрсеткіштер, олардың белгіленуі және есептеу формулалары

Көрсеткіш	Белгіленуі	Есептеу формуласы	Экономикалық мазмұны
Қарыз жүктемесі коэффициенті	LEV	Жалпы міндеттемелер / Жалпы активтер	Кәсіпорын активтерінің қандай бөлігі тартылған қаражат есебінен қалыптасқанын көрсетеді
Ағымдағы өтімділік коэффициенті	LIQ	Ағымдағы активтер / Ағымдағы міндеттемелер	Қысқа мерзімді міндеттемелерді өтеу қабілетін сипаттайды
Автономия коэффициенті	AUT	Меншікті капитал / Жалпы активтер	Қаржылық тәуелсіздік деңгейін көрсетеді
Капиталдандыру коэффициенті	CAP	Қарыз қаражаттары / Меншікті капитал	Қарыз қаражаттары мен меншікті капиталдың арақатынасын көрсетеді
Активтердің табыстылығы	PROF	Таза пайда / Жалпы активтер	Активтерді пайдалану тиімділігін және табыс қалыптастыру қабілетін сипаттайды

Ескертпе: Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық материалдары, зерттеуге енгізілген кәсіпорындардың 2019–2024 жылдарға арналған жария қаржылық есептілігі (бухгалтерлік баланс, пайда мен залал туралы есеп, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп) және осы бастапқы деректер негізінде авторлар есептеген қаржылық коэффициенттер бойынша құрастырылған.

2-кестеде зерттеуде қолданылған негізгі қаржылық көрсеткіштер, олардың белгіленуі, есептеу формулалары және экономикалық мазмұны жүйеленіп берілген. Аталған көрсеткіштер кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын кешенді бағалауға мүмкіндік береді, өйткені олар капитал құрылымын, қарыз жүктемесінің деңгейін, қысқа мерзімді төлем қабілетін және активтерді пайдалану тиімділігін сипаттайды.

Негізгі қаржылық коэффициенттер кәсіпорындардың жария қаржылық есептілігі негізінде есептелді. Атап айтқанда, қарыз жүктемесі коэффициенті жалпы міндеттемелердің жалпы активтерге қатынасы арқылы, ағымдағы өтімділік коэффициенті ағымдағы активтердің ағымдағы міндеттемелерге қатынасы арқылы, автономия коэффициенті меншікті капиталдың жалпы активтерге қатынасы арқылы, капиталдандыру коэффициенті қарыз қаражаттарының меншікті капиталға қатынасы арқылы, ал активтердің табыстылығы таза пайданың жалпы активтерге қатынасы арқылы анықталды.

Кәсіпорындардың қаржылық тәуекелдерінің жиынтық деңгейін бағалау мақсатында қаржылық тәуекел индексі (Financial Risk Index – FRI) қолданылды. Бұл индекс қарыз жүктемесі, өтімділік тапшылығы, табыстылықтың әлсіреуі және институционалдық орта әсерін біріктіретін интегралды көрсеткіш ретінде қарастырылды. Индекс келесі түрде анықталды:

$$FRI = \sum(w_i \times x_i) \quad (1)$$

мұнда FRI – қаржылық тәуекел индексі; x_i – тәуекел факторларының сандық көрсеткіштері; w_i – факторлардың салмақ коэффициенттері. Салмақ коэффициенттері көрсеткіштердің салыстырмалы маңыздылығына қарай анықталды, ал нормализацияланған көрсеткіштер түрлі өлшем бірліктерімен берілген айнымалыларды бір жүйеге келтіруге мүмкіндік берді.

Қаржылық тәуекелдердің кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығына ықпалын бағалау үшін модельдік теңдеу қолданылды:

$$FS = \beta_0 + \beta_1 FRI + \beta_2 LEV + \beta_3 LIQ + \beta_4 PROF + \varepsilon \quad (2)$$


мұнда FS – кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы; FRI – қаржылық тәуекел индексі; LEV – қарыз жүктемесі; LIQ – өтімділік коэффициенті; PROF – табыстылық көрсеткіші; ε – кездейсоқ қате. Ұсынылған модель қаржылық тәуекелдер мен негізгі қаржылық коэффициенттердің кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығына ықпалын бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеуде салыстырмалы талдау, жүйелік тәсіл, сипаттамалық статистика және модельдік талдау әдістері қолданылды. Сипаттамалық статистика көрсеткіштердің орташа мәнін, ауытқуын, минималды және максималды шектерін анықтауға мүмкіндік берді. Модельдік талдау қаржылық тәуекел факторларының қаржылық тұрақтылыққа ықпал ету логикасын бағалауға бағытталды. Сонымен қатар сценарийлік талдау элементтері де ескерілді: қолайсыз сценарий ретінде инфляцияның жоғарылауы, қарыз жүктемесінің артуы, өтімділіктің төмендеуі және табыстылықтың әлсіреуі қарастырылды, ал қолайлы сценарийде қарыз құрылымын оңтайландыру, өтімділікті күшейту және қаржылық саясаттың тиімділігін арттыру факторлары есепке алынды.

Зерттеу нәтижелері. Жүргізілген зерттеу Қазақстан кәсіпорындарындағы

қаржылық тәуекелдердің қаржылық тұрақтылыққа әсерін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік берді. Талдау нәтижелері кәсіпорындардың қаржылық орнықтылығы қарыз жүктемесінің деңгейіне, өтімділік жағдайына, табыстылық динамикасына және сыртқы макроэкономикалық ортаның тұрақтылығына тәуелді екенін көрсетті. Инфляциялық қысымның күшеюі, айырбас бағамының құбылмалылығы, ішкі сұраныстың әлсіреуі және қаржыландыру құнының қымбаттауы кәсіпорындардың қаржылық жағдайына тікелей әсер ететін негізгі факторлар ретінде айқындалды.

4.1 Қазақстан кәсіпорындарының қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің динамикасы. Қазақстандағы кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері соңғы жылдары қаржылық тұрақтылықтың біркелкі емес екенін көрсетеді. Табыс пен шығыс көлемінің құбылмалылығы, борыштық жүктеменің сақталуы және өтімділік тәуекелдерінің артуы қаржылық саясатты күшейтуді қажет етеді. Сонымен қатар инфляцияның жоғары деңгейде сақталуы мен нақты табыс көрсеткіштерінің өзгеруі ішкі сұранысқа қысым түсіріп, кәсіпорындардың өткізу көлемі мен табыстылығына әсер етеді. Сурет 1-де көрсетілгендей, кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелері жылдар бойынша біркелкі емес серпінмен қалыптасқан.



Сурет 1 – Кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері (млрд теңгемен)

Ескертпе: Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық мәліметтері негізінде авторлармен құрастырылған.


Сурет 1-дің мәліметтері кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің соңғы жылдары біркелкі емес серпінмен қалыптасқанын көрсетеді. Жекелеген кезеңдерде өндірілген өнім көлемінің өсуі байқалғанымен, инфляциялық қысым, валюта бағамының құбылмалылығы

және өндірістік шығындардың қымбаттауы қаржылық нәтижелерге тікелей әсер етті.

2024 жылы кәсіпкерлік қызметпен айналысатын ірі, орта және шағын кәсіпорындардың өндірілген өнімі, орындалған жұмыстары мен көрсетілген қызметтерінің жалпы көлемі 118880,8 млрд теңгені құрады. Бұл көрсеткіш кәсіпкерлік сектор қызметінің ауқымын сипаттайды, алайда қаржылық тұрақтылықты бағалау кезінде табыс көлемімен қатар шығындар, міндеттемелер, өтімділік және табыстылық құрылымы да ескерілуі тиіс.

Кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық көрсеткіштерінің өзгермелілігі, борыштық жүктеменің сақталуы және макроэкономикалық қысым қаржылық саясатты қайта қарау қажеттігін көрсетеді. Сондықтан кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын бағалауда сыртқы тәуекелдер мен ішкі қаржылық көрсеткіштердің өзара байланысын кешенді түрде қарастыру қажет.

4.2 Ірі және орта кәсіпорындардың негізгі қаржылық көрсеткіштерін талдау. Ірі және орта кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын бағалау үшін табыстылық, шығындар құрылымы, берешек көлемі және активтер құрылымы сияқты көрсеткіштердің динамикасын қарастыру маңызды. Бұл көрсеткіштер кәсіпорындардың қарыз жүктемесі, өтімділік тәуекелі және қаржылық тәуелділік деңгейі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сурет 2-де көрсетілгендей, 2019–2024 жылдар аралығында ірі және орта кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметі көрсеткіштері өзгермелі сипатқа ие болған.



Сурет 2 – 2019–2024 жылдардағы ірі және орта кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерінің динамикасы

Ескертпе: Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық мәліметтері негізінде авторлармен құрастырылған.

Сурет 2-де келтірілген деректер ірі және орта кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметі көрсеткіштерінің өзгермелі болғанын көрсетеді. Сальдолық қаржылық нәтиженің 4191,0 млрд теңге көлемінде пайдамен аяқталуы кәсіпорындардың жалпы табыстылық әлеуетінің сақталғанын білдіргенімен, бұл барлық субъектілерде қаржылық тұрақтылық бірдей жоғары дегенді білдірмейді. Өндірістің рентабельділік деңгейі 18,3% болғанымен, шығындар құрылымындағы материалдық шығындардың жоғары үлесі (52,6%), еңбекақы төлеу шығындары (13,9%) және амортизациялық шығындар (15,6%) кәсіпорындардың өндірістік ресурстарға тәуелділігінің жоғары екенін көрсетеді. Сонымен қатар жалпы міндеттемелер бойынша берешектің 81312,0 млрд теңгеге жетуі және мерзімі өткен берешектің болуы борыштық жүктеме тәуекелінің сақталғанын аңғартады.

2025 жылғы I тоқсанда дебиторлық берешектің 20769,3 млрд теңгені құрауы, оның ішінде мерзімі өткен берешектің 3,1% болуы есеп айырысу тәртібінде де тәуекелдердің бар екенін көрсетеді. Активтердің жалпы құны 163239,7 млрд теңгеге жетіп, оның 63,3%-ын ұзақ мерзімді активтердің құрауы кәсіпорындардың өндірістік әлеуетін сипаттағанымен, қысқа мерзімді өтімділікке қысым түсіруі мүмкін. Суреттегі көрсеткіштер қаржылық нәтижелер оң болған жағдайда да қарыз жүктемесі, дебиторлық берешек, шығындар құрылымы және өтімділік тәуекелдері кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығына елеулі ықпал ететінін дәлелдейді.

4.3 Қаржылық тәуекелдердің қаржылық тұрақтылыққа ықпалын бағалау. Қаржылық тәуекелдердің кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығына ықпалын бағалау үшін қаржылық коэффициенттер мен тәуекел индексі негізінде модельдік талдау жүргізілді. Алынған нәтижелер 3-кестеде берілген.

Кесте 3 – Қаржылық тәуекелдердің кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығына әсері

Айнымалы	Коэффициент	t-stat	p-value
FRI	-0.41	-3.12	0.002
LEV	-0.35	-2.87	0.004
LIQ	0.29	2.15	0.031
PROF	0.22	2.04	0.041

Ескертпе: зерттеуге енгізілген 30 ірі және орта кәсіпорынның 2019–2024 жылдарға арналған жария қаржылық есептілігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық материалдары және осы деректер негізінде авторлар есептеген LEV, LIQ, PROF, FRI және FS көрсеткіштері бойынша жүргізілген модельдік талдау нәтижелері негізінде құрастырылған.

3-кестеде қаржылық тәуекелдердің кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығына ықпалын сандық бағалау нәтижелері көрсетілген. Модельдік талдау 2019–2024 жылдарға арналған жария қаржылық есептілік негізінде есептелген қаржылық коэффициенттер бойынша жүргізілді. Талдау барысында кәсіпорындардың бухгалтерлік балансы мен қаржылық

нәтижелер туралы есептерінен алынған деректер пайдаланылып, LEV, LIQ және PROF коэффициенттері есептелді, ал FRI индексі нормаланған көрсеткіштер мен салмақ коэффициенттері негізінде қалыптастырылды. Нәтижелер FRI мен LEV коэффициенттерінің теріс мәнге ие екенін көрсетті, бұл қаржылық тәуекел деңгейі мен қарыз жүктемесі артқан сайын кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығы әлсірейтінін білдіреді. Ал LIQ және PROF коэффициенттерінің оң мәндері өтімділік пен табыстылықтың жоғары болуы қаржылық тұрақтылықты күшейтетінін көрсетеді. Сонымен бірге *p-value* мәндерінің 0.05-тен төмен болуы негізгі айнымалылардың статистикалық тұрғыдан мәнді екенін дәлелдейді.

Алынған нәтижелер қарыз жүктемесі мен қаржылық тәуекелдің өсуі кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын әлсірететінін, ал өтімділік пен табыстылықтың жоғары болуы оны күшейтетінін көрсетті.

4.4 Негізгі қаржылық көрсеткіштердің сипаттамалық статистикасы. Зерттеу барысында қолданылған негізгі қаржылық көрсеткіштердің сипаттамалық статистикасы 4-кестеде ұсынылған.

Кесте 4 – Кәсіпорындардың негізгі қаржылық көрсеткіштерінің сипаттамалық статистикасы

Көрсеткіш	Орташа мәні	Стандартты ауытқу	Минимум	Максимум
Қарыз коэффициенті (LEV)	0.52	0.18	0.21	0.89
Өтімділік коэффициенті (LIQ)	1.34	0.42	0.75	2.48
Табыстылық деңгейі (PROF)	0.11	0.06	-0.03	0.24
Қаржылық тәуекел индексі (FRI)	0.37	0.15	0.10	0.68

Ескертпе: зерттеуге енгізілген 30 ірі және орта кәсіпорынның 2019–2024 жылдарға арналған жария қаржылық есептілігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық материалдары және осы деректер негізінде авторлар есептеген LEV, LIQ, PROF және FRI көрсеткіштерінің сипаттамалық статистикасы бойынша құрастырылған.

4-кестеде зерттеу барысында пайдаланылған негізгі қаржылық көрсеткіштердің сипаттамалық статистикасы берілген. Кесте 2019–2024 жылдар аралығындағы жария қаржылық есептілік негізінде есептелген көрсеткіштердің орташа мәнін, стандартты ауытқуын, ең төменгі және ең жоғары шектерін сипаттайды. Мәліметтер кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштерінің айтарлықтай өзгермелі екенін көрсетеді. Қарыз коэффициентінің (LEV) орташа мәні 0.52 болғанымен, оның ең жоғары деңгейі 0.89-ға дейін жетеді, бұл жекелеген кәсіпорындардың сыртқы қаржыландыруға жоғары тәуелді екенін білдіреді. Өтімділік коэффициентінің (LIQ) орташа мәні 1.34 деңгейінде болғанымен, ең төменгі мәнінің 0.75

болуы кейбір кәсіпорындарда ағымдағы міндеттемелерді өтеу үшін өтімді активтердің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Табыстылық деңгейінің (PROF) -0.03 пен 0.24 аралығында ауытқуы кәсіпорындардың қаржылық нәтижелерінде елеулі айырмашылық бар екенін аңғартады. Қаржылық тәуекел индексінің (FRI) орташа мәні 0.37 болғанымен, оның ең жоғары деңгейі 0.68-ге жетуі кейбір кәсіпорындарда қаржылық тәуекелдің жоғары екенін көрсетеді.

Сипаттамалық статистика кәсіпорындардың қаржылық жағдайы біркелкі емес екенін және қаржылық тұрақтылықты бағалауда олардың жеке ерекшеліктерін ескеру қажеттігін дәлелдейді. Алынған нәтижелер қарыз жүктемесі мен жиынтық қаржылық тәуекелдің өсуі кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын әлсірететінін, ал өтімділік пен табыстылықтың жоғары болуы оны күшейтетінін көрсетеді.

Талқылау. Жүргізілген зерттеу нәтижелері қаржылық тәуекелдердің кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығына елеулі әсер ететінін көрсетті. Атап айтқанда, қарыз жүктемесінің жоғары болуы қаржылық тұрақтылықты әлсіретсе, өтімділік пен табыстылықтың жеткілікті деңгейі кәсіпорындардың қаржылық орнықтылығын күшейтеді. Бұл нәтижелер Қазақстан кәсіпорындарының қаржылық осалдығы көбінесе қарыз құрылымының тиімсіздігімен және қаржы ресурстарын басқарудың әлсіздігімен байланысты екенін көрсететін Ybrauev және әріптестері (2025), сондай-ақ кредиттік және өтімділік тәуекелдерін басқарудың қаржылық нәтижелерге ықпалын негіздейтін Ogundele және Nzama (2025) тұжырымдарымен сәйкес келеді.

Зерттеу барысында макроэкономикалық факторлардың ықпалы да маңызды екені анықталды. Инфляция деңгейінің жоғары болуы, айырбас бағамының құбылмалылығы, нақты табыстың баяу өсуі және ішкі сұраныстың әлсіреуі кәсіпорындардың табыстылығына және ақша ағындарының тұрақтылығына қысым түсіреді. Бұл нәтижелер Abid және Abid (2024), сондай-ақ Kalimoldayev және әріптестері (2025) еңбектерінде көрсетілген макроэкономикалық тұрақсыздықтың қаржылық тәуекелдерге әсері туралы тұжырымдарды қолдайды. Әсіресе қарыз қаражаттарын көп пайдаланатын кәсіпорындар мұндай өзгерістерге неғұрлым сезімтал келетіні байқалды.

Институционалдық орта мен корпоративтік басқару сапасының рөлі де зерттеу нәтижелерінде айқын көрінді. Rabby және әріптестері (2026) институционалдық сапа мен басқару тиімділігі қаржылық тұрақтылыққа оң әсер ететінін көрсетсе, біздің зерттеуімізде басқару сапасының төмендігі мен ішкі бақылау тетіктерінің әлсіздігі тәуекелдердің өсуіне алып келетіні анықталды. Осы тұрғыдан алғанда, қаржылық тәуекелдерді төмендету тек қаржылық коэффициенттерді жақсартумен шектелмейді, сонымен қатар басқарушылық және институционалдық тетіктерді жетілдірумен тікелей байланысты.

Сонымен бірге зерттеу нәтижелері нарықтық және сыртқы факторлардың маңызын көрсетті. Нарықтағы баға тұрақсыздығы, шикізат құнының өзгеруі, айырбас бағамының ауытқуы және сыртқы сауда жағдайлары

кәсіпорындардың шығыстары мен табыстылығына әсер етеді. ESG факторларының маңызының артуы да осы үрдіспен байланысты. Brighi және әріптестері (2025) ESG көрсеткіштері жоғары компаниялардың тәуекел деңгейі төмен болатынын көрсетеді, бұл біздің зерттеудегі институционалдық және басқарушылық факторлардың қаржылық тұрақтылыққа әсері туралы қорытындылармен үйлеседі.

Қазақстан кәсіпорындарындағы қаржылық тәуекелдерді басқару тәжірибесі жүйелі тәсілді талап етеді. Осыған байланысты қарыз құрылымын оңтайландыру, өтімді резервтер қалыптастыру, ақша ағындарын жоспарлау, баға саясатын түзету және ішкі бақылауды күшейту секілді басқару құралдарын қолдану маңызды. Қаржылық тәуекелдерді басқарудың негізгі құралдары мен оларды іске асырудан күтілетін нәтижелер 5-кестеде көрсетілген.

Кесте 5 – Қаржылық тәуекелдерді басқару үлгісінен алынатын қаржылық нәтижелер

Қаржылық тәуекел түрі	Таңдалған басқару құралы	Басқарудан алынатын әсер
Қарыз тәуекелі	Қарыз құрылымын оңтайландыру, қайта қаржыландыру	Қарыз жүктемесінің төмендеуі, төлем қабілетінің артуы
Өтімділік тәуекелі	Өтімді резервтер қалыптастыру, ақша ағындарын жоспарлау	Қысқа мерзімді міндеттемелерді орындау қабілетінің жақсаруы
Нарықтық тәуекел	Баға саясатын түзету, шығындарды бақылау	Табыстылықтың сақталуы, қаржылық тұрақтылықтың артуы
Валюталық тәуекел	Валюталық тәуекелдерді хеджирлеу	Айырбас бағамы өзгерісінің жағымсыз әсерін төмендету
Институционалдық тәуекел	Корпоративтік басқаруды жетілдіру, ішкі бақылауды күшейту	Басқару сапасының артуы және тәуекелге төзімділіктің күшеюі

Ескертпе: ғылыми әдебиеттердегі ұсыныстар, тәуекелдерді басқару тәжірибелері және зерттеу нәтижелері негізінде құрастырылған (Aliyeva et al., 2015; Ogundele and Nzama, 2025).

5-кестеде көрсетілген басқару құралдары қаржылық тәуекелдерді төмендетуге және кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын арттыруға бағытталған негізгі практикалық тетіктерді сипаттайды. Кестеде әрбір тәуекел түріне сәйкес келетін басқару құралы және оны қолданудан күтілетін қаржылық әсер жүйеленген. Атап айтқанда, қарыз тәуекелін төмендету үшін қарыз құрылымын оңтайландыру және қайта қаржыландыру, өтімділік тәуекелі үшін өтімді резервтер қалыптастыру мен ақша ағындарын жоспарлау, нарықтық тәуекел үшін баға саясатын түзету мен шығындарды бақылау, валюталық тәуекел үшін хеджирлеу, ал институционалдық тәуекел үшін корпоративтік басқару мен ішкі бақылауды күшейту ұсынылады. Бұл құралдар борыштық жүктемені азайтуға, өтімділікті нығайтуға, табыстылықты сақтауға және кәсіпорындардың тәуекелге төзімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

5-кестеде ұсынылған шаралар қаржылық тәуекелдерді басқарудың тиімділігі кәсіпорынның қаржылық саясатының сапасына, басқарушылық шешімдердің уактылы қабылдануына және ішкі бақылау тетіктерінің даму деңгейіне тәуелді екенін көрсетеді.

Қаржылық тәуекелдерді басқару құралдарын кәсіпорын деңгейінде кезең-кезеңімен енгізу үшін жүйелі жол картасын қалыптастыру маңызды. Ұсынылған кезеңдік тәсіл тәуекелдерді анықтаудан бастап, оларды бағалау, басқару шараларын таңдау, енгізу, мониторинг жүргізу және қайта жетілдіруге дейінгі негізгі кезеңдерді қамтиды. Қаржылық тәуекелдерді басқарудың кезеңдік мазмұны 6-кестеде берілген.

Кесте 6 – Кәсіпорындардағы қаржылық тәуекелдерді басқарудың тиімді үлгісін бағдарламалау

Кезең	Негізгі іс-шаралар	Күтілетін нәтиже
1. Тәуекелдерді анықтау	Қарыз, өтімділік, нарықтық, валюталық және институционалдық тәуекелдерді айқындау	Кәсіпорынның негізгі қаржылық қауіптері анықталады
2. Қаржылық көрсеткіштерді бағалау	LEV, LIQ, AUT, CAP, PROF және FRI көрсеткіштерін есептеу	Қаржылық тұрақтылық пен тәуекел деңгейі бағаланады
3. Басқару құралдарын таңдау	Қайта қаржыландыру, өтімді резерв қалыптастыру, баға саясатын түзету, хеджирлеу, шығындарды бақылау	Тәуекелдерді төмендетуге бағытталған нақты шаралар таңдалады
4. Қаржылық саясатты түзету	Қарыз құрылымын онтайландыру, ақша ағындарын жоспарлау, ішкі бақылауды күшейту	Қаржылық тұрақтылықты нығайтатын басқарушылық шешімдер іске асырылады
5. Іске асыру	Таңдалған құралдарды кәсіпорын тәжірибесіне енгізу	Қаржылық тәуекелдерді басқару тетігі жұмыс істей бастайды
6. Мониторинг және бақылау	Негізгі қаржылық көрсеткіштерді тұрақты бақылау және салыстыру	Тәуекел динамикасы мен басқару нәтижелері бағаланады
7. Қайта бағалау және жетілдіру	Нәтижелерге қарай тәуекелдерді басқару саясатын жаңарту	Қаржылық тәуекелдерді басқару жүйесі үздіксіз жетілдіріледі

Ескертпе: зерттеу нәтижелері, қаржылық тәуекелдерді басқарудың теориялық тәсілдері және кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын арттыруға қатысты ғылыми әдебиеттер негізінде құрастырылған.

6-кестеде ұсынылған жол картасы кәсіпорындардағы қаржылық тәуекелдерді басқару процесін жүйелі және кезең-кезеңімен ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Кестеде тәуекелдерді анықтау, оларды бағалау, басқару құралдарын таңдау, енгізу, мониторинг жүргізу және қайта жетілдіру кезеңдері қамтылған. Мұндай тәсіл қаржылық тәуекелдерді басқаруды бір реттік шара ретінде емес, үздіксіз басқарушылық процесс ретінде қарастыруға негіз болады.

Тәуекелдерді бастапқы кезеңде дұрыс айқындау, негізгі қаржылық көрсеткіштер арқылы бағалау және соған сәйкес басқару құралдарын таңдау кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын нығайтуға мүмкіндік береді. Қарыз құрылымын оңтайландыру, өтімді резервтер қалыптастыру, ақша ағындарын жоспарлау, шығындарды бақылау және ішкі бақылау жүйесін күшейту қаржылық саясатты тиімді жүргізудің негізгі бағыттары болып табылады. Сонымен қатар тұрақты мониторинг пен тәуекелдерді қайта бағалау басқару жүйесінің икемділігін қамтамасыз етіп, оның ұзақ мерзімді тиімділігін арттырады. Жалпы алғанда, 6-кестеде ұсынылған кезеңдік жол картасы қаржылық тәуекелдерді уақтылы анықтауға, сандық тұрғыдан бағалауға, тиісті шараларды таңдауға және олардың нәтижелерін бақылауға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге зерттеу 30 ірі және орта кәсіпорынның деректерімен шектелгенін, алсалалықерекшеліктердіңтолықбөліністекарастырылмағанын ескеру қажет. Осыған байланысты болашақ зерттеулерде іріктемені кеңейту, салалық талдауды тереңдету және қаржылық тәуекелдерді бағалаудың сандық құралдарын жетілдіру орынды.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу Қазақстан кәсіпорындарындағы қаржылық тәуекелдердің қаржылық тұрақтылыққа әсерін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері қарыз жүктемесінің жоғары болуықаржылықтұрақтылықтыәлсірететінін, алөтімділікпентабыстылықтың жеткілікті деңгейі кәсіпорындардың қаржылық орнықтылығын күшейтетінін көрсетті. Сонымен қатар қаржылық тәуекелдердің деңгейі кәсіпорындардың қаржылық құрылымына ғана емес, макроэкономикалық жағдайға және институционалдық ортаның сапасына да тәуелді екені анықталды.

Зерттеу барысында инфляцияның жоғары болуы, айырбас бағамының құбылмалылығы, ішкі сұраныстың әлсіреуі және институционалдық шектеулер кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығына теріс әсер ететін негізгі сыртқы факторлар ретінде айқындалды. Осыған байланысты кәсіпорындардың қаржылық саясатын қалыптастыру кезінде тек ішкі қаржылық коэффициенттерді ғана емес, сыртқы экономикалық ортаның өзгерістерін де ескеру қажет.

Алынған нәтижелер қаржылық тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды шарты екенін көрсетті. Қарыз құрылымын оңтайландыру, өтімділік резервтерін қалыптастыру, қаржылық жоспарлау, тәуекелдерді тұрақты мониторингтеу және корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру қаржылық тұрақтылықты арттыруға мүмкіндік береді. Ұсынылған модельдік тәсіл мен жол картасы кәсіпорындардың қаржылық саясатын жетілдіруде, тәуекелдерді басқару жүйесін кұруда және басқарушылық шешімдер қабылдауда қолданылуы мүмкін.

References

- Abid I., and Abid M. (2024) Sovereign credit risk assessment using CDS spreads: Evidence from emerging economies. *Journal of Risk and Financial Management*, 17(7). — 283 p. <https://doi.org/10.3390/jrfm17070283> (in Eng.)
- Aliyeva A., Kenzhegaliyeva G., and Saparova A. (2015) Financial risk management in Kazakhstan enterprises: Evidence from the oil and gas sector. *Asian Social Science*, 11(24). — P. 315–323. <https://doi.org/10.5539/ass.v11n24p315> (in Eng.)
- Battiston S., Dafermos Y., and Monasterolo I. (2021) Climate risks and financial stability. *Journal of Financial Stability*, 54. — 100867 p. <https://doi.org/10.1016/j.jfs.2021.100867> (in Eng.)
- Brighi P., Della Bina A., and Venturelli A. (2025) Firm value and risk: How relevant are ESG factors and ESG controversies? *Journal of Financial Reporting and Accounting*. <https://doi.org/10.1108/JFRA-12-2024-0953> (in Eng.)
- Demirci F., and Karacaer S. (2025) Exploring the heterogeneous effect of political risk on corporate investment in emerging markets. *Journal of Corporate Finance Research*, 20(3). — P. 118–137. <https://doi.org/10.17323/j.jcfr.2073-0438.19.3.2025.118-137> (in Eng.)
- Drobyazko S., Barwinska-Malajowicz A., Slusarczyk B., Chubukova O., and Bielialov T. (2020) Risk management in the system of financial stability of the service enterprise. *Journal of Risk and Financial Management*, 13(12). — 300 p. <https://doi.org/10.3390/jrfm13120300> (in Eng.)
- Kalimoldayev M., Tulegenova A., and Sarsenbayev K. (2025) Macroeconomic determinants of non-performing loans in Kazakhstan: A mediation analysis using PLS-SEM. *Journal of Risk and Financial Management*, 18(8). — 431 p. <https://doi.org/10.3390/jrfm18080431> (in Eng.)
- Nichkasova N., Sadvokassova A., and Kayupov A. (2021) Development of Kazakhstan's financial market based on fuzzy cognitive maps. *International Journal of Economic Policy in Emerging Economies*, 14(3). — P. 245–260. <https://doi.org/10.1504/IJEPEE.2021.111937> (in Eng.)
- Nurasheva K., Abdullayeva G., and Tleubayev A. (2024) Capital flows and investment attractiveness in Central Asia: Evidence from Kazakhstan. *Journal of Sustainable Finance and Investment*. <https://doi.org/10.1016/j.rspp.2024.100039> (in Eng.)
- Ogundele O.S., and Nzama L. (2025) Risk management practices and financial performance: Analysing credit and liquidity risk management and disclosures by Nigerian banks. *Journal of Risk and Financial Management*, 18(4). — 198 p. <https://doi.org/10.3390/jrfm18040198> (in Eng.)
- Pan Y., and Fan X. (2024) Shadow banking and systemic risk in China: A dynamic interbank network analysis. *Sustainability*, 16(10). — 4280 p. <https://doi.org/10.3390/su16104280>
- Rabby M.F., Rahman M., and Ahmed S. (2026) Institutional quality, corporate governance, and bank stability: Evidence from developing economies. *Journal of Risk and Financial Management*, 19(2). — 144 p. <https://doi.org/10.3390/jrfm19020144> (in Eng.)
- Salina A., Zhang Y., and Hassan M. (2020) An assessment of the financial soundness of the banking sector in Kazakhstan. *Asian Journal of Accounting Research*, 6(1). — P. 23–38. <https://doi.org/10.1108/AJAR-06-2020-0023> (in Eng.)
- Ybrayev Z., Rustanov S., and Baglanova A. (2025) Corporate characteristics and firm's financial fragility: Evidence from Kazakhstan. *International Economics and Economic Policy*, 22. — 50 p. <https://doi.org/10.1007/s10368-025-00678-4> (in Eng.)
- Zadorozhnyi Z.M., Muravskiy V., Zhukevych S., et al. (2024) Financial stability in the management system of enterprises: System analysis and formalisation of assessments in the conditions of sustainable development. *Financial and Credit Activity: Problems of Theory and Practice*. <https://doi.org/10.55643/fcaptp.6.59.2024.4592> (in Eng.)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Managing Editor: A.Shormakova

Editors: D.S. Alenov, M.Konyrbekov

Computer layout: G.D. Zhadyranova

Signed for print: August 31, 2026

Format: 70×90 1/16. 48.0 printed sheets. Order No. 4